

Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастыру тәртібі туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 17 наурыз N 2125. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2000.12.25. N 132 Заңымен. ~ Z000132

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z933600_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 513-бап) сәйкес қаулы етемін:

1. Соттарды қалыптастырудың мынадай тәртібі белгіленсін:

- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Жоғарғы Сотының ұсынуы бойынша облыстық, Алматы және Ленинск қалалық, әскери соттары судьяларының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Төрелік Соты Төрағасының ұсынуы бойынша облыстық және Алматы қалалық төрелік соттары судьяларының міндеттерін жүктеуді, сондай-ақ олардың төралқаларын құруды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Судьяларды мерзімінен бұрын, заңдарда көзделген негіздер бойынша босату туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды;

- аудандық (қалалық) соттардың судьялары заңдарда көзделген негіздер бойынша, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Жоғарғы Сотының ұсынуына орай облыстар мен Алматы қаласының депутаттары мәслихаттарының-жиналыстарының сессияларында сайланады және міндеттерін атқарудан мерзімінен бұрын босатылады.

2. "Қазақстан Республикасының төменгі соттарын қалыптастырудың

уақытша тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 31 қаңтардағы N 1534 Жарлығының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Жарлықтың заң күші бар және Қазақстан Республикасының тиісті Заңы қабылданғанға дейін қолданылады.

4. Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК